

Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 қазан N 1266

Шектеулі табиғи ресурс - радиожилік спектрін басқару, иелік ету және пайдалану саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, сондай-ақ радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік сыйымдылығын қамтамасыз ету және республикалық бюджетке қаражаттың түсуін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.03.20. N 237 қаулысымен. P980237_

2. Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы:

5 күн мерзімде Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы туралы Ережені әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып 20 күн мерзімде тұтынушылардың радиожиліктер спектрін пайдаланғаны үшін ақы төлеу тәртібі мен тарифін әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

бір ай мерзімде Радиожилік спектрін бөлуге берілген тапсырыстарды конкурстық қарау туралы Ережені әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Радиожилік спектрін бөлу және пайдалану жөніндегі бюроны қазыналық кәсіпорын ретінде 8 адам шегінде құру туралы ұсынысы қабылдансын. Радиожилік спектрін бөлу және пайдалану жөніндегі бюро Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясының жұмыс органы болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Радиожилік спектрін негізгі пайдаланушылар (Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазаэронавигация" мемлекеттік кәсіпорны) коммерциялық мақсаттарда пайдалана алмайды. Радиожилік

спектрін конверсиялаған немесе қосалқы пайдаланған жағдайда, босаған жиілік ресурстары Қазақстан Республикасының радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомоствоаралық комиссиясының иелігіне азаматтық пайдалану үшін беріледі.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің

2-қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г.Штойкқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 қазандағы
N 1266 қаулысына
1-қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.03.20. N 237
қаулысымен.

P980237_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 қазандағы
N 1266 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

1. "Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі жанынан Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қазандағы N 875 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 40, 599-құжат);

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қазандағы N 875 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 қаңтардағы N 42 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 2, 22-құжат);

3. "Қазақстан Республикасының радиожиілік ресурсын пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 маусымдағы N 870 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 22, 254-құжат);

4. Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының 1995 жылғы 7 маусымдағы N 3-19 өкімі.